

Павлодар облысы әкімдігінің  
2017 жылғы «28» қарашадағы  
№ 385/6 қаулысымен  
бекітілді

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

#### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Павлодар облысының жергілікті атқарушы органды және жоғары оку орындары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Отінішті қабылдау және қызмет мемлекеттік көрсетудің нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – тегін тамақтандыруды ұсыну немесе бас тарту туралы еркін нысандағы шешім.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз жүзінде.

#### 2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 396 бүйрүғымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан

әрі – Стандарт) 9 - тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қоса көрсетілетін қызметті алушының өтініші негізде болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындалу ұзақтығы мен реттілігі, соның ішінде рәсімдердің (іс-қимылдың) өту кезеңі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, көшірмелерді құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырады, түпнұсқаларды қызмет алушыға қайтарады және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері басшысына қарастыруға береді – 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9 - тармағында қарастырылған тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынғанда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарастырады және жауапты орындаушыны анықтайды – 2 (екі) күнтізбелік күн;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы шешімді немесе Стандарттың 10 - тармағында көрсетілген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуды ресімдейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға және қол қоюға жібереді – 4 (төрт) күнтізбелік күн;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қарайды және қол қояды – 2 (екі) күнтізбелік күн;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін тіркейді және оны көрсетілетін қызметті алушыға береді – 30 (отыз) минут.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі – тегін тамақтандыруды ұсыну немесе бас тарту туралы еркін нысандағы шешім.

**3-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында


көрсетіледі.

4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілмейді.

«Техникалық және қасіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйымдарындағы тәрбиленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, корғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

«Техникалық және қасіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру үйымдарындағы тәрбиленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, корғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

	мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
	рәсімнің (іс-қимылдың) атауы;
→	келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.